



Co-funded by the  
Erasmus+ Programme  
of the European Union



## Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде магистратура және PhD докторантура деңгейінде мейіргер ісін жетілдіру

"AccelEd" жобасын грант туралы № 618052-EPP-1-2020-1LT-  
ЕРРКА2-СВНЕ-SP келісімге сәйкес Erasmus+ қаржыландырады.



2021 жылы диплом алу кезіндегі мейіргер ісі мамандығының  
бакалаврлары

**БІЗ ҚАЗАҚСТАНДА МЕЙІРГЕРЛІК БІЛІМБЕРУДІ  
ДАМУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!**

**Сәуір, 2022**

Дисклеймер: Материал тек автордың көзқарасын көрсетеді. Еуропалық комиссия ондағы кез келген ақпараттың пайдаланылуына жауапты емес.

## Кіріспе сөз



Құрметті оқырмандар! Қазақстанда мейіргер ісін дамытуға бағытталған АсселEd жобасына қызығушылық танытқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Жобаның негізгі мақсаттары мейіргерлік ғылыми прогресті одан әрі дамыту және нығайту, ынтымақтастық арқылы мейіргерлік білім беруді жетілдіру. Мейіргерлердің кәсіби өсуі мейіргердің нақты рөлін талап етеді.

*Құрметпен,  
АсселEd командасы*

### Жобаның қазіргі нәтижелері

Бұл шығарылымдаөткен тренингілердің нәтижелерімен, сондай-ақ қатысуға болатын алдағы іс-шаралар кестесімен танысасыз.

- ✚ "Мейіргерлік күтім теориясының мазмұны мен дамуы" оқу курсы. Мақалаларды жариялау.
  - ✚ Мейіргер ісі әдіснамасы бойынша курс.
  - ✚ "Джоанна Бриггс институтының (JBI) кешенді жүйелі шолуы" тренингі.
  - ✚ "Үздік халықаралық практикалардың бенчмаркингі" мастер-класы.
  - ✚ Мейіргерлік қызметтерді дамытудағы сервис-дизайн тәсіл.
-

## Оқытушы-профессорлар құрамы мен PhD докторанттарға арналған "Мейіргерлік күтім теориясының мазмұны мен дамуы" оқу курсы

Оқыту курсы екі бөлімнен тұрды, бірінші бөлімі 21-23.06.2021ж., екінші бөлімі - 20-21.09.2021ж. өтті.

**Курстың мақсаты** мейіргерлік күтім туралы ғылымның қазіргі теорияларын түсінуге және сыни бағалауға үйрету, мейіргерлік күтім ғылымын зерттейтін студенттерге теорияларды үйрету мүмкіндігінің болуы және мейіргерлік күтім туралы ғылымның қазіргі теорияларын әртүрлі клиникалық салаларда қалай қолдану керектігін білу.

Мақсатқа жету үшін курс келесі бөлімдерді зерттеуге бағытталды:

1. Күтімнің қазіргі теорияларын дамыту (әртүрлі парадигмалар);
2. Мейіргер ісі теорияларының әртүрлі типтері (жалпы, орта және практикаға бағытталған теориялар);
3. Теорияларды сыни бағалау, теорияны оқыту және науқастарды күту педагогикасы;
4. Клиникалық мейіргерлік практикаға және денсаулық сақтау саласына теорияларды енгізу.

**Алған білім мен дағдылар:** Курс барысындағы қызметіне қарай 23 қатысушы 3, 5 немесе 10 ECTS алып курсты аяқтады. Қатысушылардың пікірінше, курс барысында мейіргер ісінің мәні мен мейіргер ісін дамыту теориясы бойынша олардың білім деңгейі кеңейді: 1-бөлімнің соңында орташа базалық деңгейден 3,8-ден 6,8-ге дейін және курссоңында 7,2-ге дейін жоғарылады (0-10 шкала бойынша). Қатысушылар мейіргер ісі практикасында теорияларды үнемі пайдалану қажеттілігін және зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде мейіргер ісінің теориялық негіздерін білудің маңыздылығын атап өтті.

«Мейіргерлік күтім теориясының мазмұны мен дамуы» оқу курсының қорытындысы бойынша қатысушылардың өздік жұмыстары «Астана медициналық журналының» №4 санында жариялау үшін таңдалды. Авторлары: А.Күнтуғанова, А.Доскелдинова, Х.Ваартио-Ражалин. Мақаланың тақырыбы «Мақсатқа жету бойынша Кингтің орташа деңгей теориясы – мейіргер ісі үшін нақты мүмкіндіктер».

«МІЖО: Мейіргер ісі лидерлерінің блогі» бөлімінде жариялау үшін <https://nursekz.com/blog-for-nursing-leadership-2/>. Авторлары: О.Зорина, Ю.Коржина, Х.Ваартио-Ражалин. **Мақаланың тақырыбы** «Кэти Эриксонның қаритативтік күтім теориясы».

---

---

## Мейіргер ісі әдістемесі бойынша курс

Қазақстан Республикасының медициналық жоғары оқу орындарының магистрлері мен докторанттары үшін мейіргер ісі саласындағы сапалы зерттеулердің әдістемесі бойынша жақсы дамып келе жатқан үш нақты міндетпен курс әзірленді.

Бірінші міндет 2021 жылдың наурыз-сәуір айларында орындалды: қазақстандық серіктестер өз университеттеріндегі ағымдағы мүмкіндіктер туралы ақпарат берді, содан кейін нәтижелер қорытындыланып, еуропалық сарапшылармен бірлесіп 2021 жылдың мамыр айында өткен бірінші семинарда ұсынылды.

24-25 мамырда өткен семинар барысында «Мейіргер ісіндегі сапалы озық әдістер» курсы әзірлеу жұмысы жоспарланды, жұмыс тапсырмаларын бөлу басталды.

Содан кейін, 2021 жылғы 7 қыркүйекте «Мейіргер ісіндегі сапалы озық әдістер» курсы әзірлеу үшін серіктестер анықтаған тақырыптарды дайындау барысын талқылау үшін кездесу өтті.

Әзірленген оқу материалы 2022 жылдың маусым айында Шымкент қаласында өтетін ЖП 2.2 бойынша мастер-класта оқыту барысында пайдаланылады.

---

## «Джоанна Бриггс институтын (ЖБИ) кешенді жүйелі шолу» тренингі

ЖБИ (Джоанна Бриггс институты) кешенді жүйелі шолу тренингі қатысушыларға денсаулық сақтау саласында шешімдер қабылдау үшін немесе клиникалық ұсыныстар үшін ең сенімді дәлелдерді қамтамасыз ету үшін дәлелдемелердің әртүрлі типтеріне сенімді жүйелі шолулар жүргізуді үйренуге мүмкіндік берді.

### Тренинг 3 модульден және хаттама дайындаудан тұрды:

1-модуль: Дәлелдемелерге негізделген денсаулық сақтау саласына кіріспе және дәлелдемелерді жүйелі шолу, 14.04.2021 ж.

2-модуль: Сандық зерттеулерден алынған дәлелдемелерді жүйелі шолу, 28.04.2021ж. және 5.05.2021ж.


Жүйелі шолу хаттамасын дайындау: 6.04-1.06.2021ж.

3-модуль: Сапалы зерттеулер нәтижесінде алынған дәлелдемелерді, жүйелі түрде шолу, баяндау және мәтін: 2.06.2021ж. және 9.06.2021ж.

Қатысушылардың жалпы саны: 31

Жобаның бірінші кезеңінде жүргізілген іс-шаралар негізінде Қарағанды медициналық университеті мен JAMK қолданбалы ғылымдар университеті ұсынымдармен бірге «Университеттер мен денсаулық сақтау мекемелері арасындағы ынтымақтастық құрылымдары мен процестерін дамыту бойынша ұсынымдар туралы есеп» дайындады және одан әрекет ету үшін 2021 жылғы қарашада Денсаулық сақтау министрлігіне жіберілді.

Медициналық жоғары оқу орындары мен денсаулық сақтау мекемелері арасындағы мейіргер ісі саласындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсынымдар:



## «Үздік халықаралық практикалардың бенчмаркингі» мастер класы

2021 жылдың мамыр айында онлайн режимде «Мейіргер ісі факультеттерін басқаруда, ынтымақтастықта және PhD білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруда үздік халықаралық практикаларды бенчмаркингілік талдау, сондай-ақ магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау» тақырыбында бес күндік мастер класс өтті. Серіктестер арасында мейіргер ісі факультеттерін басқарудың халықаралық практикасы туралы сауалнама жүргізілді. Мастер-класс барысында серіктестер мен мүдделі тараптар кездесіп, ұсыныстарды талқылап, пысықтады (1-сурет) Басқару құрылымы, қаржы, персонал құрамы және студенттер

### «Үздік халықаралық практикалар бенчмаркингі» мастер-классы

Серіктес университеттердегі мейіргер ісі және білім беру саласындағы негізгі жағдайды зерттеу және қазақстандық және еуропалық серіктестердің озық тәжірибелерін анықтау	Серіктестермен және мүдделі тараптар ұсынған және олар талқыланған сауалнама нәтижелерінің қысқаша мазмұны	Кадрлық және қаржылық ресурстарды басқарудың үздік практикасы ұсынылды. Серіктестермен және мүдделі тараптармен талқыланған ұсынымдар	Ұсынылған магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау критерийлерінің үздік практикасы. Серіктестермен және мүдделі тараптармен талқыланған ұсынымдар	Докторантура саласындағы білім беру және зерттеулер саласындағы ұлттық және халықаралық ынтымақтастықтың үздік практикалары, әріптестермен және мүдделі тараптармен бірлесіп әзірленген және талқыланған ұсынымдар	Ұсыныстар одан әрі дамыды.	Мейіргер ісі факультеттерін басқаруға, докторантура саласындағы ынтымақтастыққа және магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалауға арналған ұсынымдар
--	--	---	--	--	----------------------------	--

1-сурет Мейіргер ісі факультеттерін басқарудағы халықаралық үздік практикаларды салыстырмалы талдау әдісі.

Келесі үш салаға бағытталған барлығы 12 ұсыным әзірленді:

1-бөлім. Басқару құрылымы, қаржы, штат кестесі және студенттер (5 ұсыным);

2-бөлім. Магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау рәсімдері мен критерийлері (4 ұсыным);

3-бөлім. Докторантурадағы ұлттық ынтымақтастық, гранттық қаржыландыру/зерттеу саласындағы (халықаралық) ынтымақтастық (3 ұсыным).

Мейіргер ісі саласында магистратура мен докторантурада білім беруді басқарудың үздікпрактикаларытуралы қорытынды есеп дайындалды, бұл есепте мастер-кластың әдістемесіне, әзірлемесіне, оның өткізілуіне сондай-ақ 12 ұсынысқа баса назар аударылды. Ұсынымдар Қазақстанда мейіргер ісі ғылымының одан әрі дамуын қамтамасыз ету мақсатында магистратура мен докторантурада мейіргерлік білім беру сапасын арттыру үшін қажетті маңызды реформаларға бағытталған.

---

### **Мейіргерлік қызметтерді дамытудағы сервис дизайн тәсілі**

2021 жылғы 6-10 желтоқсан аралығында «Мейіргерлік қызметтерді дамытудағы сервистік дизайн тәсілі» мастер класы өтті. Оның аясында медициналық университеттердің, сондай-ақ практикалық денсаулық сақтаудың өкілдері өз жұмысында сервис дизайн тәсілін қолдануды үйренді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның бес медициналық университеті (Қарағанды медицина университеті, Астана медицина университеті, Назарбаев университетінің Медицина мектебі, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қазақ ұлттық медицина университеті) қызметтер дизайны бойынша жобаларды жүзеге асыруда. Жоба тақырыптары пациенттердің қанағаттану мәселелерін, емханаларда ұзақ күту уақытын және белгілі бір мейіргерлік процедураларға байланысты пациенттерге ыңғайсыздық пен қолайсыздық туындататын жағдайларды қамтиды.

Бүгінгі күні командалар кемінде бір семинар өткізді, семинарда проблема мен мақсатты топты, сондай-ақ қызметтерді алушылардың қажеттіліктерін айқындады. 2022 жылдың тамызына дейін жеті семинар өткізу жоспарланып отыр: семинарлар барысында топтар AccelEd жобасы бойынша дайындалған және жаңартылған құралдар мен нұсқаулықтарды пайдалана отырып, қызметтерді әзірлеу тәсіліне сәйкес жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ екі вебинар өткізілетін болады, онда пәнаралық командалар өз жобалары барысында туындаған проблемалық мәселелерді ұсынып, басқа командалармен тәжірибе алмаса алады.

Қызмет дизайнының әр жобасының нәтижесінде зерттеу жүргізілетін практикалық денсаулық сақтау ұйымы пациенттерге сауалнама жүргізу арқылы бақыланатын және бағаланатын жақсартылған қызметті ұсынады.

Командалар JAMK қолданбалы ғылымдар университеті және Қарағанды медицина университеті ұйымдастыратын Нұр-Сұлтан қаласында 2022 жылғы 26-30 қыркүйекте өтетін «Қазақстанда мейіргерлік қызметтерді дамытуда сервис дизайнды қолдану» атты екінші мастер класта енгізу нәтижелерін жариялай алады. Мастер-классқа қатысқыңыз келсе, бізге хабарласыңыз.



## 2022 жылдың оқиғалар күнтізбесі

### ✚ 28 және 31 наурыз (онлайн) 11 және 14 наурыз (онлайн) 16-18 мамыр (оффлайн)

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша магистрлік және докторлық диссертация нұсқаулықтарының критерийлерін және оларды бағалау критерийлерін әзірлеу" мастер-классы

*Нысаналы аудитория: Мейіргер ісі кафедрасының меңгерушілері мен оқытушылары, диссертациялық жұмыстардың сапасына жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, білім беру және денсаулық сақтау сапасын аккредиттеу және қамтамасыз ету орталығының өкілдері және AsselEd жобасының серіктестері.*

**Ұйымдастырушылар:** Утрехт университетінің медициналық орталығы (Нидерланды) және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.

**Өткізілетін орны:** Алматы, Қазақстан

**Байланысушы тұлға:**

Thóra B. Hafsteinsdóttir  
[t.hafsteinsdottir@umcutrecht.nl](mailto:t.hafsteinsdottir@umcutrecht.nl)

Асель Хасенова

[khassenova.assel@kaznmu.kz](mailto:khassenova.assel@kaznmu.kz)

Нуриля Ахметкалиева

[akhmetkalieva.n@kaznmu.kz](mailto:akhmetkalieva.n@kaznmu.kz)

Асель Хасенова

### ✚ 26-28 сәуір (1-бөлім)

"Мейіргер ісі теориясы және денсаулығында ауыр және созылмалы бұзылыстары бар пациенттерді зерттеу" оқу курсы.

*Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер мен медициналық жоғары оқу орындарының магистратура және докторантура*

### ✚ 19-20 мамыр

«Қазақстандағы мейіргерлік білім беру, зерттеулер мен практика: мейіргер ісінің болашағына инвестициялар» атты мейіргер ғылымы бойынша конференция

*Нысаналы аудитория: Оқытушылар құрамы, университет студенттері, әкімшілік қызметкерлер, қауымдастырылған серіктестер мен министрліктердің өкілдері, практикалық денсаулық сақтау өкілдері, университет басшылары қатыса алады.*

**Ұйымдастырушылар:** Або Академи университеті және Астана медицина университеті.

**Өткізілетін орны:** Қазақстан, Нұр-Сұлтан және онлайн.

**Байланысушы тұлға:**

Бекбергенова Жанагуль

[zhanna\\_bekbergen@mail.ru](mailto:zhanna_bekbergen@mail.ru)

### ✚ 13-17 маусым

"Мейіргер ісіндегі озық сапалы әдістер" тренингі  
*Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер, "Мейіргер ғылымы" мамандығы бойынша Phd докторанттар қатыса алады.*

**Ұйымдастырушылар:** Литва денсаулық туралы ғылымдар университеті (Литва), Назарбаев университетінің Медицина мектебі, Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы.

**Өткізілетін орны:** Каунас, Литва.

**Байланысушы тұлға:**

Aurelija Blaževičienė

[aurelija.blazeviciene@ismuni.lt](mailto:aurelija.blazeviciene@ismuni.lt)

Paolo Colet

студенттері қатыса алады.

**Ұйымдастырушылар:** Университет  
Або Академи (Финляндия) және "Астана  
медицина университеті.

**Өткізілетін орны:** онлайн

**Байланысушы тұлға:**

LisbethFagerstrom

[lisbeth.fagerstrom@abo.fi](mailto:lisbeth.fagerstrom@abo.fi)

### 8-9 маусым (2-бөлім)

"Мейіргер ісі теориясы және денсаулығында ауыр және созылмалы бұзылыстары бар пациенттерді зерттеу" оқыту курсының аясында онлайн-семинар

*Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.*

**Ұйымдастырушылар:** Университет  
Або Академи және Астана медицина  
университеті.

**Өткізілетін орны:** онлайн.

**Байланысушы тұлға:**

Lisbeth Fagerstrom

[lisbeth.fagerstrom@abo.fi](mailto:lisbeth.fagerstrom@abo.fi)

Бекбергенова Жанагуль

[zhanna\\_bekbergen@mail.ru](mailto:zhanna_bekbergen@mail.ru)

[paolo.colet@nu.edu.kz](mailto:paolo.colet@nu.edu.kz)

Алма Ахметова

[alma\\_ukgma@mail.kz](mailto:alma_ukgma@mail.kz)

### 26-30қыркүйек

Мастер-класс "Қазақстанда денсаулық сақтауды (мейіргерлік қызметтер) дамытудағы сервис дизайн теориясықолдану", IIбөлім

*Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.*

**Ұйымдастырушылар:** JAMKқолданбалығы  
лымдаруниверситетіжәнеҚарағанды  
медицина университеті.

**Өткізілетін орны:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Байланысушы тұлға:**

Жұлдыз Қуаныш

[kuanysh@kgmu.kz](mailto:kuanysh@kgmu.kz)

**Үйлестірушілердің байланыс деректері**

### **Үйлестірушілер**

**Юрате Мацяускене**, жоба үйлестірушісі  
[jurate.maciauskiene@lsmuni.lt](mailto:jurate.maciauskiene@lsmuni.lt)

**Живиле Кепежинскене**, жоба менеджері

**Бізге тіркеліңіздер:**



[project-acceled.com](http://project-acceled.com)

[zivile.kepezinskiene@ismu.lt](mailto:zivile.kepezinskiene@ismu.lt)

### Редакторлық команда

Астана медицина университеті,  
қ. Нұр-Сұлтан, Бейбитшилик көш.49А

[acceled.nursing@gmail.com](mailto:acceled.nursing@gmail.com)

Айжан Байтуганова

[baituganova.an@mail.kz](mailto:baituganova.an@mail.kz)

Динара Қожахметова,

[kozhahmetova.d@amu.kz](mailto:kozhahmetova.d@amu.kz)



AccelEd Project



@acceled.nursing



@acceled.nursing



2022– AccelEd. Барлық құқықтары қорғалған.

